

Жолдасов Хасан Айтбаевич

Нұр Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті

Магистрант

ДАИШ қазіргі заманның жаңа әскери-саяси феномені ретінде

Террористік ұйымдардың лаңкестік әрекеттері мұсылман ғалымдардың, теологтардың және қарапайым мұсылмандардың исламның ізгілік пен бейбітшілік діні екендігін дәлелдеуге мәжбүрлеуде. Мұндай ұйымдардың мақсаты және оған жету жолдары мен әдістерінен олардың барлық діндердің мазмұнына кереғар келетіндігін көреміз. Олар жаһандық қауіп. Олармен күресуде барлық саналы адамзаттың күш-жігерін біріктіру қажет. Қазіргі таңдағы кейбір ислам елдерінде діннің асыл құндылықтарын жоятын лаңкестік әрекеттер исламофобияны өршітіп отыр. Әсіресе ИГИЛ, ИГИШ, ДАИШ деп танылған мемлекет әлем назарында негізгі талқыланатын тақырыпқа айналды. Оның мемлекет, квази-мемлекет, террористік ұйым әлде мүлдем басқа нәрсе екендігі де түсініксіз. Бұған қатысты ғалымдар, саясаткерлер, теологтар, сарапшылар арасында әр түрлі түсініктеме мен бағалаулар берілді. Кейбір сарапшылар ДАИШ - «әлемнің түрлі барлау қызметтерінің агенттері жасанды құрған саяси құрылым», бірақ олардың ықпалынан шыққан деген көзқарас айтады.

Қазіргі заманның осы жұмбақ феноменін түсіну кезінде, оның «Ислам мемлекеті», «Ирак пен Леванта ислам мемлекеті» ұғымдарымен қаншалықты байланысты екендігін қиындата түседі. Сонымен қатар мамандар тарапынан аталған террористік топты мемлекет деп атамауға және осы ұйымның атауын пайдаланбау турасында да айтылып келеді. Мұндай атаулардың қолданылуы халықтың ислам мен терроризмді ажырата алмауына, мұсылмандар мен террористер арасындағы шекаралардың анықталмауына әкелуде [1] Оның орнына, араб тіліндегі (داعش) ұйымның атауын қысқартып ДАИШ акронимін қолдану ұсынылады. Бұл сөздер «басушы, езуші» және «келіспеушілікке әкелуші,

жоюшы» деген сөздерге сәйкес келеді. Бірақ олардың өздері бұл қысқартуды ұнатпайды. Сондықтан оны террористік ұйымның қарсыластары жиі пайдаланады.

Біреулер ДАИШ акронимі террористік ұйымның әлеуметтік мәртебесінің төмендеуіне әкелуі мүмкін десе, ал басқалары бұл мүмкіндікті жоққа шығарады. Алайда, психология және психолінгвистика саласындағы мамандардың арасында құбылыстарды білдіретін терминология субъектінің терминде қамтылған мағынаны қабылдау үшін психологиялық дайындығын жасайды деген түсінік кең тараған. Ресей ғылым академиясының тіл білімі институтының психолінгвистика кафедрасының меңгерушісі Э.Тарасов «сөздер өте маңызды, өйткені олар белгілі бір шындыққа бейсаналық қондырғыны қалыптастырады» - дейді. Ресей ғылым академиясының психология институтының мүшесі М.Воловикова: «Әр кезде «ислам мемлекеті» сөзі айтылып жатқанда, терроризм мен ислам арасындағы байланыс адамдардың санасына терең бойлап, бұл топтың алдында қорқыныш пайда болады» - дейді. Нәтижеде адамдар ИМ-тің нақты психологиялық түрде схема бойынша былай қабылдайды: «Ислам – терроризм, мемлекет – бұл қуатты құрылым» [2]

Сонымен қатар, Ресей Дінаралық кеңесінің шешіміне сәйкес, осы жылдың наурыз айында Мемлекеттік Думада өткен кездесуде барлық ресейлік бұқаралық ақпарат құралдарына ИМ және ИГИЛ атауларын пайдаланбау ұсынылды. Өйткені бұл қысқартулар «мемлекет», «мемлекеттілік», «Ислам», «исламдық» ұғымдарының беделін түсіреді. Бірқатар еуропалық елдерден немесе Қазақстаннан үлгі ала отыра, Ресей үшін қазіргі уақытта «Исламдық мемлекет» деген атауды ДАИШ акронимімен алмастыру маңызды. Шынында алдағы уақытта ДАИШ ұйымының сол немесе басқа да атауын алмастыру арқылы «ислам» немесе «исламдық» ұғымымен байланыстырудың түбегейлі тоқтауына үміт аз. Дегенмен бұл дұрыс бағыттағы қадам екеніне ешқандай күмән жоқ.

Бүгінгі таңда ДАИШ-тың әркеттері белсенді түрде Сирия мен Ирак аумағында көрініс тауып отыр, бірақ оның бақылауындағы топтар Ливан, Ауғанстан, Алжир, Пәкістан, Ливия, Египет, Йемен, Нигериядағы қантөгістерге

қатысады, олардың террорлық әрекеттерінің жаңғырығы Орталық Азия мемлекеттерінде, Ресейде және Еуропа елдерінде де естіледі. ДАИШ-тың бақылауындағы аймақтарда тұратын халық саны 8-ден 10 миллион адамға дейін жетеді. Астанасы Сирияның Ракка қаласы болып табылады.

ДАИШ басшылығының ресми ақпаратына сәйкес, 2015 жылғы оның бюджеті 2 миллиард доллардан асады және жыл сайын өсіп келеді. Көптеген аналитиктердің бағамы бойынша әлемдік мұнай бағасының төмендеуі аясында өз бюджетін арттыру туралы ақпараттың айтылуы бүкіл әлемге ұзақмерзімді, ықпалды қаржылық қамтамасыз ету жобасы ретінде танылуы болып табылады. Ұйымның бюджетін толықтырудың негізгі көздері ретінде сарапшылар мұнай сатылымынан, тонаудан, тонаумен ұсталғандар үшін төленетін төлемдерден, ежелгі мұражайдан ұрланған экспонаттарды, топтық және жеке қайырымдылықтан, түрлі сыртқы тараптардан субсидияларды және т.б. көрсетеді. Дегенмен ДАИШ-тің қаржыландыру көздерін анықтау осы ұйымның негізгі құпиясы болып қала береді. Өйткені аталған кірістер оның қызметінің әр түрлі бағыттарын қаржыландыру үшін жеткіліксіз. Ұйымның қысқа мерзім ішінде мұнай-газ кешендерін, электр станцияларын және өзге де шаруашылық кәсіпорындарын басқарудың тиімді жүйесін құруы, сондай-ақ кәсіпкер заңды және жеке тұлғаларға салық салудың бастапқы жүйесін құруы назар аудартады. Тіпті ұйымның бақылауындағы аймақтарда өзінің валютасын енгізгендігі туралы ақпарат бар.

2013 жылдың сәуір айынан бастап, Сириядағы белсенді әрекеттерінен кейін террористік ұйым өздерін «Ирак және Левант ислам мемлекеті» деп жариялады. 2014 жылдың маусым айында Мосул қаласын басып алуы террористік ұйымның «ислам мемлекеті» деп аталуына себеп болды. Жеңілген аймақтарда Халифат жарияланып, Абу Бакр Әл Бағдади (Ибрахим ибн Ауд ибн Ибрахим әл-Бадри әл-Рауи әл-Хусейн әл-Самарра) халифа болды. Жаңа халифа 2004 жылдың ақпан айынан бастап 2009 жылға дейін полиция полковнигі Кеннет Кингтің бекітуімен Умм-Қаср қаласындағы америкалық Кэмп Букк түрмесінде болды. Кейін Ирак билігіне тапсырылды. Осы фактіні негізге ала отырып кейбір сарапшылар ИМ

америкалық барлау агенттіктерінің жемісі деп жариялады. Сондай-ақ Сирия саясаттанушысы Талип Ибрахим: «Сирия мен Иракта орын алған дағдарыс, толықтай Орталық барлау басқармасының) ықпал етуімен жасалғандығына күмән жоқ. Бұл жоспарды іске асыруда Вашингтон өте бай тәжірибеге ие. КСРО Қарулы Күштері Ауғанстанда болған уақытта американдықтар «Әл-Каида» ұйымын құрумен айналысты. Бүгінде штаттар қайтадан сол сценарийді ойнауда және біз Иранда да осыған ұқсас нәрсе көруіміз мүмкін» – деген [3].

Араб елдерімен достық және іскерлік ынтымақтастық ұйымының президенті Вячеслав Матузов да осы пікірді қостайды: «Қолда бар мәліметтер Багдадидің ЦРУ-мен байланысы бар екендігін көрсетеді. Ол түрмеде отырған кезде Орталық барлау агенттігінің ықпалымен жалданған. Шын мәнінде, Багдадидың тарихы «әл-Қаида» мүшесі Абдул Хахим Белхаджға өте ұқсас. Ол сондай-ақ ұзақ уақытын АҚШ-та орналасқан америкалық түрмеде өткізді, содан кейін ол Муаммар Каддафидің билігіне берілді. Белхадж 2010 жылы амнистия арқылы босатылды. Ливияда толқулар басталысымен ол қаруланып өзінің серіктестерімен Каддафиге қарсы тұрушылардың алғашқыларынан болды. Триполи әскери кеңесінің басшысы бола отырып, Белхадж Каддафи мен оның жақтастарының биліктен алыстауына маңызды рөл атқарды. Сонымен қатар ол Сирия президенті Башар Асадқа қарсы бағытталған операцияларға белсене қатысты. Абдул-Хахим Белхадж пен Багдадидің өмірбаяндары өте ұқсас және олардың ЦРУ-ге қызмет жасайтынын жоққа шығара алмаймыз» [3] Бүгінгі таңда әртүрлі аналитикалық баяндамалардың көптеген авторлары «Батыс арнайы ұйымдарының халықаралық террористердің қанат жайып дамуына ұзақ уақыт бойы көп күш жұмсауы «ислам мемлекетінің» пайда болуына себеп болды» деген дәлелдермен шұғылдануда [4, 24 б.]

ДАИШ-қа келетін болсақ, оның прото-құрылымын бұрынғы Саддам Хусейннің арнайы қызметшілері, оның ішінде БААС барлаушы партиясының тұлғалары (Ирактағы билеуші партия болып табылатын Араб социалистік партиясының жаңғыру партиясы, Кеңес Одағында Коммунистік партия сияқты) жасағаны белгілі. Бұл лаңкестік ұйымның офицерлердің, басқару

қызметкерлерінің, насихат аппараттарының, қауіпсіздік құрылымдарының және т.б. жоғары кәсіпқойлықпен ерекшеленуінің себептерінің бірі. Бұл дегеніміз ДАИШ басшылығында Ирактың әскери барлау армиясының генерал-лейтенанты Әбу Айман әл-Ираки сияқты маңызды мамандардың болуымен түсіндіріледі. Ұйымның пайда болуын түсіну кезінде Құрама Штаттар, Ұлыбритания, АҚШ, Сауд Арабиясы, Сирия және Түркияның арнаулы қызметтері ДАИШ-тің құруға қатыстылығының факторы ескерілуге тиіс. Бірақ ол шамадан асыра сілтеу болмауы керек. Барлық мемлекеттердің арнайы қызметтері ақылға салып және мақсатты түрде оларды құрудан гөрі, керісінше жағдайда туындайтын террористік құрылымдарды енгізуге ұмтылды. ДАИШ-тың аймақтағы әлеуметтік-саяси үдерістерге әсер етуге қабілетті күшті әскери және саяси күш деп жариялаған кезде, жетекші батыстық державалардың арнайы қызметтері оның қызметіне ықпал ету үшін күш-жігерін күшейтті және оны өздері қалаған арнаулы арнаға бағыттады.

Халықаралық қарым-қатынастарда әрдайым «бөліп ал да биле» қағидатын басшылыққа алатын Құрама Штаттар мен Ұлыбритания үшін аймаққа тексеру және теңгерім жүйесін құру өте маңызды болды. Сондықтан олар, бір жағынан шииттік Иранға стратегиялық қадам жасайды, екінші жағынан, оған аймақтағы сунниттерден қарсылық жасауға тырысты. Осы соғыстағы саяси күштердің арасындағы дәстүрлі діни қайшылықтар Батысқа біреудің қолымен «оттан шоқ теруге» мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан қарағанда, өздігінен жарияланған ДАИШ АҚШ пен оның одақтастарына дәл уақытында пайда болды.

Дегенмен әртүрлі арнайы қызметтегі жасақтардың ДАИШ мүмкіндіктерін өз мүддесі үшін пайдалануы, террористік әрекеттерді ашық немесе жасырын қолдауы, Батысты кіндік шеше ретінде қарастыруға жеткілікті негіз бола алмайды. АҚШ ДАИШ-ты Ирактағы ИРҚК жетекшілерін (Ислам революциясын қорғаушы корпусы) белсенді түрде қолдау көрсететін патшалық үкіметті әлсірету үшін қолданып отыр. Сириядағы Башар Асад режимін құлатуға тырысып, осылайша Иранның Ирак пен Сириядағы одақтастарын әлсіретіп жатыр. Бірақ бұл монетаның бір жағы ғана, ал екіншісі – Иран өз кезегінде Батыстың қысымына

және Құрама Штаттармен қарым-қатынас жасауға арналған ДАИШ-тің күшеюін белсенді түрде қолданады. Ал Түркия кей кездері өзінің ерекшеліктері мен әлеуетін өз мүддесі үшін пайдаланады. ДАИШ әртүрлі елдердің арнайы қызметтерінің мүмкіндіктерін басқа қарсыластармен өз мүдделерін уақытша немесе ішінара сәйкес келуін өздерінің стратегиялық және тактикалық тапсырмаларын шешу үшін шебер пайдалануы да маңызды. Және бұл Таяу Шығыс пасьянсындағы барлық саяси түйіндер емес, бұл бізге мүдделі таптарды табуға мүмкіндік бермейді. Кейбір сарапшылар айтқандай, ДАИШ-ты құруда Батыстың рөліне күмән келтіретін бірқатар дәлелдер бар.

Біріншіден, бұл лаңкестік ұйымның қызметін тиімді басқарудың және басшылықтың іс жүзінде мүмкін еместігі;

Екіншіден, белгісіз топтың елеулі аймақтық әскери-саяси күшке айналуы және бүкіл әлемнен радикалдарды тарту орталығына айналуын күтпенген жағдай болды;

Үшіншіден, бүкіл әлемде сунниттерге жаппай қолдаудың өсуі. Көптеген сарапшылар мойындағандай, террористік ұйымды, оның ішінде қарулы күреске Ресейдің қатысуы, жалғасып жатқан әрекеттердің одан әрі Таяу Шығыста ғана емес, Батыста да танымалдылығын арттыруда. Сондай-ақ ИГ-мен Батыстың қазіргі заманғы текетіресі ислам мемлекетінің ұзақ мерзімді стратегиялық мүдделеріне сәйкес келіп, оларға қызмет етеді» дегенді ескеруіміз керек. Яғни ИГ «Батыстық крестшілермен» қарсыласып, бүкіл ислам әлемінің жалғыз әскери-саяси ілгерілеуі ретінде көріну мүмкіндігін алады [5]

Алғашқы кезеңде «Жамағат әт-таухид уә әл-жихад» қозғалысы айқын саяси мақсатсыз ұзақ мерзімді Ирак аумағында террорлық соғыс жүргізді. Бұл қозғалыс нәтижеге емес, процеске негізделді: ол Ирактың шиит халқына, американдық үкімет күштеріне және т.б. лаңкестік әрекеттер жасады. Ұйымның радикалды-идеологиялық және саяси транспаренттік қалыптасуы 2010 жылы анықталды. Саддам Хусейннің әскери қызметшілері мен арнайы жасағы, яғни американдық түрмелерден босатылған білікті әскери мамандар ұйымның жоғарғы және орта иерархиясынан орын иеленді.

Мемлекеттің құрылысы шеңберінде ДАИШ мұсылман қауымдастығының дәстүрлі әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға баса назар аударады. Ол қолда бар материалдық ресурстарды салыстырмалы түрде әділ бөлуді және ауруханалар, жаңа жолдар, мектептер салып, көлік қатынасының жақсартуды жоспалады. Ұйым әлеуметтік тіршілікті қамтамасыз етуге жауапты мемлекеттік мекемелердің үзіліссіз жұмыс істеуін, ал лауазымды тұлғалар тағайындалған қызметтерін тиісті түрде орындай алатын дәрежеде басқару құрылымын қалыптастыруға ұмтылды.

Жақында британдық Гардиан газетінде квази-мемлекеттің жұмыс істеуінің құрылымы мен ерекшеліктері түсіндірілген ішкі нұсқаулық жарияланды. Осы нұсқауға сәйкес ДАИШ құрылымы мыналарды қамтиды:

1. Кіріс бөлімі – ескі мамандарды менеджерлер ретінде пайдалану, кәсіпорындардың тоқтаусыз резервтерін құру және жергілікті халықтың қажеттіліктерін қамтамасыз ету;

2. Инвестициялық жобалар бөлімі – инвесторларды жерге, кәсіпорынға, зауыттарға инвестициялауға тарту;

3. Білім департаменті – ислам құндылықтары және шариғат негіздерін енгізу;

4. Сыртқы байланыс департаменті – «дипломатияны шариғат негізінде» өткізуге бағытталған;

5. Насихат бөлімі – бұл өріс бойынша ДАИШ-тің «жеңістеріне» ақпараттық қолдау көрсетуі керек [6]

ДАИШ өзімен белсенді түрде жұмыс істейтіндерге ақысыз көмектесіп, қалғандарға тамақ электр жарығы, қаржылай көмек қарастырылмаған. Сондықтан олардың қатарына адамдар аштықтан да қосылады. Медициналық жәрдем жақтың қасы. Көшелерді арнайы лагерьде дайындалған жеткіншектер басқарады ».

Біздің түсінігіміздегі ислам әділдігі мен заң тәртібіне сүйене айтсақ, бұл әскери-саяси ұйым бақылауындағы аймақтардағы заңдар мен нормаларын қатаң бақылайды. ДАИШ басып алынған аймақтардағы халықтың қаруы тәркіленіп, қарсыластарын жазалау жүзеге асырылады. Діни полицияның міндеті елдегі

бейбітшілікті сақтау және шарият нормаларын бұзушылықтың алдын алу. Осылайша Бұқаралық ақпарат құралдарында ұрылардың қолы кесілетіндігі, адал емес әйелдердің таспен атылатыны, маскүнемдер мен зина қылушыларға дүре соғылатыны, есіртке сатушылардың басы шабылатыны хабарланады. Ал гомосексуалисттер көпқабатты ғимараттан лақтырылады.

Тактикалық тапсырмаларды шешумен қатар ДАИШ басшылығы идеялық-саяси қызметін сәтті жүргізуде. ДАИШ-та кәсіби мамандар жұмылдырылған арнайы басқарма жұмыс істейді. Оның жеке «Дабик» журналы, бейне студиясы, веб-шеберлер, маркетингтік топтар, хакерлер, тәжірибелі бұқаралық ақпарат құралдары ғана емес, сонымен қатар СМЖ, әлеуметтік желілерді және т.б. пайдалану қарастырылған. Насихат бөлімі ислам жауларына қарсы күресте қажеттіліктерге қатысты кең ауқымды түсіндірме жұмыстарын жүргізеді. Ислам дұшпандарына қарсы бейбіт күрес, басқа ұлттар мен жолдан тайғандардың бастарын кесу сахналарын, мұсылман имиджін бұзғаны үшін күрделі жазаларды көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Как правильно называть организацию террористов – ИГИЛ, ИГ или ДАИШ // <http://www.yaplakal.com>
2. Яхьяев М.Я. ДАИШ: идейно-политические истоки террористической организации // Исламоведение. 2016. Т. 7. № 4. С. 16–29
3. Истоки ДАИШ // <http://иг.net>
4. Исламское государство: сущность и противостояние. Аналитический доклад / под общ. ред. Я.А. Амелиной и А.Г. Арешева. – Владикавказ: Кавказский геополитический клуб, 2015, 26 б.
5. ДАИШ – стратегический вызов западной цивилизации // <http://antifashist.com>
6. Коц А. Как устроен ИГИЛ // <http://www.stav.kp.ru>